

# Неліктен мектепке педагог-психолог қажет?

Қасым Қайсенов атындағы  
№27 мектеп-лицейі




- **Педагог-психолог**-бұл балаларға, ата-аналарға және мұғалімдерге ортақ тіл табысуға, дамуға және туындаған қиындықтарды шешуге көмектесетін маман.



# Балаларға қандай көмек береді:

- Мектепке бейімделу – әсіресе 1-сыныпта, 5-сыныпта және жаңа мектепке ауысқанда;
- Мазасыздық, қорқыныш, сенімсіздікпен жұмыс жасауда;
- Қарым-қатынас дағдылары – қалай дос табу, агрессиясыз шекараны қорғауда;
- Сыныптастарымен немесе мұғалімдермен қақтығыстарды шешуде;
- Оқуында қиындықтары бар балалардың қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілетін дамытуда маманның көмегі маңызды;
- Кәсіптік бағдар беру – жасөспірімдерге болашақ мамандығын таңдауда көмектесу.



## Ата-аналарға қандай пайдасы бар:

БАЛАҢЫЗБЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚИЫНДЫҚ  
ТУЫНДАСА- ТӘРБИЕЛЕУ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ ;


ЭМОЦИОНАЛДЫ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ, ОҚУ  
ДАҒДЫЛАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЕРТЕ АНЫҚТАУ ;

ЖЕКЕ КӨЗҚАРАС – БАЛАНЫҢ МІНЕЗІ МЕН  
ТЕМПЕРАМЕНТІН ДҰРЫС ТҮСІНУГЕ КӨМЕК;

БАЛА МЕН АТА-АНА АРАСЫНДА, АТА-АНА МЕН МҰҒАЛІМ  
АРАСЫНДАҒА КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРДЕ КӨМЕКШІ БОЛУ.



## Есте ұстаған абзал:



Психолог – «дәрігер» емес, ол баланың тұлғалық дамуына көмекші.

Психологқа жүгіну – әлсіздік емес, бұл қамқорлық пен жауапкершіліктің белгісі.

Біздің мектепте психологиялық қызмет жұмыс жасайды, біз әрқашан сізге және балаңызға көмек көрсетуге дайынбыз. Кейде тек сөйлесіп, сұрақ қою немесе уайымыңызбен бөлісуіңіз – **шешімге деген алғашқы қадам болып табылады.**

Біз сізді тәрбиелеу, оқу және қарым-қатынас мәселелерінде қолдауға әрдайым дайынбыз. Барлық өтініштер құпия сақталады: ештеңе жарияланбайды, сенімге нұқсан келтірілмейді.

Көмекке жүгіну – өзіңізге және балаңыздың болашағына қамқор болу деген сөз.



# Орта және жоғары сыныптармен өткізілетін жұмыстар:

5-сынып оқушыларының мектептегі мотивациясы мен бейімделуін диагностикалау.  
Кәсіптік бағдар беру жұмысы. 5–8 сыныптар (тренингтер, кәсіптік бағдарлық ойындар).  
Кәсіптік бағдар беру жұмысы. 9–11 сыныптар – «Мамандықты таңдаудың себептері», «Мамандықтың психологиялық сипаттамалары», «Не? Қайда? Қашан? Мамандықтар туралы ақпарат» және т.б.

Семинар-дәрістер: «Көңіл күйіңді басқар және жақсарт» (7–8 сыныптар).

Дәріс: «Емтиханға психологиялық дайындық» (9-сынып).

Тренинг: «Эмоциялар біздің өмірімізде» (9-сынып).

Тренинг: «Өзіңді тани біл» (10-сынып).

Дәріс: «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» (11-сынып).

Өзіне сенімділікті арттыру тренингі (11-сынып).

Мектептік мазасыздық пен бейімделуді зерттеу (10-сынып).

Оқушылардың эмоционалдық жағдайын зерттеу (7–11 сыныптар).

Сұраныстар бойынша консультациялар.

## Педагог-психолог



Мухамадиева Гүлбақыт Мейрамбекқызы  
8708 220 6970

